

**Жиынтық бағалауға арналған
әдістемелік ұсыныстар**

География

7-сынып

Мазмұны

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР.....	4
«Географиялық зерттеу әдістері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	5
«Картография және географиялық деректер базасы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	10
«Физикалық география» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	14
2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	18
«Физикалық география» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	19
«Физикалық география» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	24
3 -ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	29
«Физикалық география» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	30
«Физикалық география» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	34
«Әлеуметтік география» бөлімі тақырыптар бойынша жиынтық бағалау	38
4 -ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	43
«Экономикалық география» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	44
«Экономикалық география» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	48
«Экономикалық география» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	53
«Елтану және саяси география негіздері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	57

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Географияны зерттеу тәсілдері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	География ғылымының дамуы Географиялық дереккөздері
Оқу мақсаты	7.1.1.2 Саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттап, баға береді 7.1.1.3 Географиялық дереккөздермен жұмыс істейді: карта, сурет, мәтін, фотосуреттер, графикалық материалдар
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> - Берілген ақпарат бойынша саяхатшылар мен зерттеушілердің есімдерін атайды және география ғылымының дамуына қосқан үлесін анықтайды - Саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесіне баға береді - Географиялық нысанның биіктігін графикалық түрде көрсетеді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары


Орындау уақыты 20 минут

Тапсырма

1. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз, тапсырмаларды орындаңыз:
- Ежелгі дүниедегі Жер туралы деректердің жинақталу себебі қандай?
 - Берілген кестені толықтырыңыз.
 -

№	Саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымына қосқан үлесі	Саяхатшылар мен зерттеушілердің есімдері	Үлесіне баға беріңіз
1	Жер - шар тәрізді деген түсінікті дәлелдеген		
2	Ендікті және бойлықты анықтаған ежелгі грек ғалымы		
3	Картаға, Африканың батыс және шығыс жағалауларын және Мадагаскар аралының бейнелерін түсірген зерттеуші		
4		Америго Веспуччи	
5		Мартин Бехайм	

2. Ұлы географиялық ашылулардың басты себебі неде?
- Кескін картаға Фернан Магелланның саяхат жолындағы 4 маңызды географиялық нысандарды белгілеңіз.




- б. Фернан Магелланның саяхаты нені дәлелдеді?
- с. Фернан Магелланның саяхатына экономикалық тұрғыдан баға беріңіз.

3. География ғылымында нысандарды, құбылыстарды және үдерістердің ерекшеліктерін графикалық түрде көрсету өте маңызды болып саналады. Берілген суретпен жұмыс жасаңыз.

- а. Қандай географиялық нысан көрсетілген? _____



- б. Қандай табиғи құбылыс көрсетілген? _____
- с. Осы географиялық нысанның биіктігін сызба түрінде көрсетіңіз (физикалық картаны қолданыңыз және сызба салу ережелерін сақтаңыз).



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Берілген ақпарат бойынша саяхатшылар мен зерттеушілердің есімдерін атайды және география ғылымының дамуына қосқан үлесін анықтайды	1	ежелгі дүниедегі Жер туралы деректердің жинақталу себебін анықтайды;	1
		зерттеушінің есімін анықтайды;	1
		зерттеушінің үлесіне баға береді;	1
		зерттеушінің есімін анықтайды;	1
		зерттеушінің үлесіне баға береді;	1
		саяхатшының есімін анықтайды;	1
		саяхатшының үлесіне баға береді;	1
		Америго Веспуччидың ғылымға қосқан үлесін сипаттайды;	1
		Америго Веспуччидың ғылымға қосқан үлесіне баға береді;	1
		Мартин Бехаймның ғылымға қосқан үлесін сипаттайды;	1
		Мартин Бехаймның ғылымға қосқан үлесіне баға береді;	1
Саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесіне баға береді	2	Ұлы географиялық ашылулардың басты себебін анықтайды;	1
		кескін картада Отты Жер аралын белгілейді;	1
		кескін картада Тынық мұхитты белгілейді;	1
		кескін картада Филиппин аралдарын белгілейді;	1
		кескін картада Магеллан бұғазын белгілейді;	1
		Фернан Магелланның саяхатында анықтаған нысандарды дәлелдейді;	1

		Фернан Магелланның саяхатына экономика көзқарасынан баға береді;	1
Географиялық нысанның биіктігін графикалық түрде көрсетеді	3	сурет арқылы географиялық нысанды анықтайды;	1
		сурет арқылы табиғи құбылысты анықтайды;	1
		физикалық картаны қолданып, географиялық нысанның биіктігін анықтайды;	1
		сызба салу ережелерін сақтай отырып, осы географиялық нысанның биіктігін сызады.	1
Жалпы балл			22

**«Зерттеулер және зерттеушілер» бөлімшесі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Берілген ақпарат бойынша саяхатшылар мен зерттеушілердің есімдерін атайды және география ғылымының дамуына қосқан үлесін анықтайды	Берілген ақпарат бойынша саяхатшылар мен зерттеушілердің есімдерін анықтап, география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттауда қиналады ☐	Берілген ақпарат бойынша саяхатшылар мен зерттеушілердің есімдерін анықтап, география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттауда қателіктер жібереді ☐	Берілген ақпарат бойынша саяхатшылар мен зерттеушілердің есімдерін атайды және география ғылымының дамуына қосқан үлесін анықтайды ☐
Саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесіне баға береді	Саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесіне баға беруде қиналады ☐	Саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесіне баға беруде қателіктер жібереді ☐	Саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесіне баға береді ☐
Географиялық нысанның биіктігін графикалық түрде көрсетеді	Географиялық нысанның биіктігін графикалық түрде көрсетуде қиналады	Географиялық нысанның биіктігін графикалық түрде көрсетуде қателіктер жібереді	Географиялық нысанның биіктігін графикалық түрде көрсетеді



**«Картография және географиялық деректер базасы»
бөлімі бойынша жиынтық бағалау**

Тақырып	Географиялық номенклатура
Оқу мақсаты	7.2.1.2 Географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Картадан географиялық нысандарды анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Орындау уақыты 20 минут

Тапсырма

1. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз, тапсырмаларды орындаңыз:
 - a. Карта дегеніміз не?
 - b. Масштаб дегеніміз не?
 - c. Сандық масштабты атаулық масштабқа айналдырыңыз: 1:100 000;
 - d. 1 және 2-суреттегі картаның түрін анықтаңыз

 1-сурет	 2-сурет
Жауап	Жауап

- e. Картаның күнделікті өмірде қолданылуына нақты мысал келтіріңіз.

2.

а. Географиялық координаталар арқылы географиялық нысандарды анықтаңыз.

1-кесте

№	Географиялық координаталар	Географиялық нысан
1	06° о.е. 105° ш.б.	
2	28° с.е. 83° ш.б.	
3	53° с.е. 107° ш.б.	

б. 1-кестедегі анықталған географиялық нысандарды шартты белгілер арқылы кескін картаға белгілеңіз.



3. Кескін картаға географиялық нысандарды белгілеңіз:

- Кордильер тауларын және оның биік нүктесін;
- Ніл өзенін және оның ұзындығын.



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Картадан географиялық нысандарды анықтайды	1	картаның анықтамасын береді;	1
		масштабтың анықтамасын береді;	1
		сандық масштабты атаулық масштабқа айналдырады;	1
		1-суреттегі картаның түрін анықтайды;	1
		2-суреттегі картаның түрін анықтайды;	1
		картаның күнделікті өмірде қолданылуына нақты мысал келтіреді;	1
	2	берілген географиялық координаталар арқылы географиялық нысанды анықтайды;	1
		берілген географиялық координаталар арқылы географиялық нысанды анықтайды;	1
		берілген географиялық координаталар арқылы географиялық нысанды анықтайды;	1
		анықталған географиялық нысанды кескін картаға шартты белгі арқылы белгілейді;	1
		анықталған географиялық нысанды кескін картаға шартты белгі арқылы белгілейді;	1
		анықталған географиялық нысанды кескін картаға шартты белгі арқылы белгілейді;	1
	3	кескін картаға Кордильер тауын шартты белгі арқылы белгілейді;	1
		кескін картаға Кордильер тауының биік нүктесін сандық мәлімет арқылы белгілейді;	1
		кескін картаға Ніл өзенін шартты белгі арқылы белгілейді;	1
		кескін картаға Ніл өзенін ұзындығын сандық мәлімет арқылы белгілейді.	1
Жалпы балл			16

**«Картография және географиялық деректер базасы» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Картадан географиялық нысандарды анықтайды	Картадан географиялық нысандарды анықтағанда қиналады ☐	Картадан географиялық нысандарды анықтағанда қателіктер жібереді ☐	Картадан географиялық нысандарды анықтайды ☐


«Физикалық география» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Литосфераның құрылысы мен заттық құрамы Литосфераның тектоникалық қозғалыстары
Оқу мақсаты	7.3.1.1 Литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтайды 7.3.1.3 Жер қыртысының тектоникалық қозғалыстарын талдайды: дрейф, коллизия, субдукция, спрединг
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> - Сызбада литосфераның құрылысы және заттық құрамын жазады - Тектоникалық қозғалыстардың түрлерін ажыратады (дрейф, коллизия, субдукция, спрединг)
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут


Тапсырма

1. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз, тапсырмаларды орындаңыз:

- Литосфера деген не? _____
- Берілген сызбаны толтырыңыз:





2. 1-суретті қолданып, мәтіндегі сөйлемдерді толықтырыңыз.



Суретте _____ бейнеленген. Жердің даму тарихында ежелгі құрлықты Пангея деп атаған. Уақыт өте келе, осы құрлық екі ірі _____, _____ құрлықтарға бөлінді. Бөлінуге әсер еткен _____ күштер деп саналады. А.Вегенер құрлықтар біртұтас болғанына осындай дәлелдемелер келтірген _____.

Болашақта осы құрлықтардың қозғалуында осындай _____ өзгеріс болу мүмкін.

3. Кестедегі берілген суреттерді және дүние жүзілік литосфералық тақталар картасын қолданып, сұрақтарға жауап беріңіз. Кестені толтырыңыз.

№	Суреттер	Тектоникалық қозғалыстың түрін анықтаңыз	Литосфералық тақталардың түрлерін анықтаңыз (нақты атауы мен түрі)	Осы тектоникалық қозғалыс үрдісін түсіндіріңіз
1	Гималай таулары 			
2	Перу-Чили науасы 			
3				

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Сызбада литосфераның құрылысын және заттық құрамын анықтайды	1	литосфераның анықтамасын береді;	1
		сызбада литосфераның құрылысын толықтырады;	1
		сызбада литосфераның құрылысын толықтырады;	1
		сызбада литосфераның құрылысын толықтырады;	1
Тектоникалық қозғалыстардың түрлерін ажыратады (дрейф, коллизия, субдукция, спрединг)	2	үрдістің түрін атайды;	1
		Ірі құрлықтың атауын атайды;	1
		Ірі құрлықтың атауын атайды;	1
		әсер етуші күштің түрін атайды;	1
		1-дәлелдеме келтіреді;	1
		2 -дәлелдеме келтіреді;	1
		бір өзгерісті келтіреді;	1
	3	тектоникалық қозғалыстың түрін анықтайды;	1
		тектоникалық қозғалыстың түрін анықтайды;	1
		тектоникалық қозғалыстың түрін анықтайды;	1
		литосфералық тақтаның түрі мен атауын анықтайды;	1
		литосфералық тақтаның түрі мен атауын анықтайды;	1
		литосфералық тақтаның түрі мен атауын анықтайды;	1
		тектоникалық қозғалыстың себебін түсіндіреді ;	1
		тектоникалық қозғалыстың себебін түсіндіреді;	1
		тектоникалық қозғалыстың себебін түсіндіреді.	1
Жалпы балл			20

«Физикалық география» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Сызбада литосфераның құрылысын және заттық құрамын анықтайды	Литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтауда қиналады ☐	Литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтауда қателіктер жібереді ☐	Литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтайды ☐
Тектоникалық қозғалыстардың түрлерін ажыратады (дрейф, коллизия, субдукция, спрединг)	Тектоникалық қозғалыстардың түрлерін (дрейф, коллизия, субдукция, спрединг) ажыратуда қиналады ☐	Тектоникалық қозғалыстардың түрлерін (дрейф, коллизия, субдукция, спрединг) ажыратуда қателіктер жібереді ☐	Тектоникалық қозғалыстардың (дрейф, коллизия, субдукция, спрединг) түрлерін ажыратады ☐


2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Физикалық география» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Атмосфера және оның құрамдас бөліктері Ауа райы және метеорологиялық элементтер Қолайсыз атмосфералық құбылыстар
Оқу мақсаты	7.3.2.2 Атмосфераның құрылысы мен қабаттарының ерекшеліктерін графикалық түрде бейнелеп, түсіндіреді 7.3.2.6 Жергілікті жер мүмкіндігі бойынша температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын ылғалдылық метеорологиялық элементтердің көрсеткіштері бойынша синоптикалық графикалық материалдарды жасайды 7.3.2.7 Жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде қолайсыз атмосфералық құбылыстарды талдай отырып, сақтану шараларын ұсынады
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Атмосфераның құрамдас бөлігін ажыратады және үлесін диаграмма түрінде көрсетеді. • Атмосфераның әр қабатының ерекшелігін талдайды. • Кез-келген аймақтың ауа райын сипаттайды. • Қолайсыз атмосфералық құбылыстың түрін ажыратады және сақтану шараларын ұсынады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

- Берілген сұрақтарға жауап беріңіз, тапсырмаларды орындаңыз:
 - Атмосфера дегеніміз не?
 - Атмосфера қабаты мынадай газдардан тұрады: _____
Газдардың үлесін шеңберлі диаграмма арқылы көрсетіңіз.



- Сызбаны толтырыңыз:
 - Атмосфера қабаттарын жазыңыз;
 - Әрбір атмосфералық қабаттың бір ерекшелігін сипаттаңыз.

4. Сурет арқылы атмосфералық құбылысты сипаттаңыз:



- Суреттегі атмосфералық құбылысты анықтаңыз;
- Атмосфералық құбылыстың қалыптасу себебін түсіндіріңіз;
- Осы атмосфералық құбылыстың зиянды әсеріне дәлел келтіріңіз;
- Осы атмосфералық құбылыстан сақтану жолдарын ұсыныңыз

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Атмосфераның құрамдас бөлігін ажыратады және үлесін диаграмма түрінде көрсетеді		атмосфера анықтамасын береді;	1
		атмосфера құрамындағы газдардың тізімін жазады;	1
		диаграмма салу ережелерін сақтай отырып, газдардың үлесін шеңберлі диаграмма арқылы көрсетеді;	1
Атмосфераның әр қабатының ерекшелігін талдайды	1	сызбада атмосфераның қабатын анықтайды;	1
		сызбада атмосфераның қабатын анықтайды;	1
		сызбада атмосфераның қабатын анықтайды;	1
		сызбада атмосфераның қабатын анықтайды;	1
		сызбада атмосфераның қабатын анықтайды;	1
		сызбада атмосфера қабатының бір ерекшелігін жазады;	1
		сызбада атмосфера қабатының бір ерекшелігін жазады;	1
		сызбада атмосфера қабатының бір ерекшелігін жазады;	1
		сызбада атмосфера қабатының бір ерекшелігін жазады;	1
		сызбада атмосфера қабатының бір ерекшелігін жазады;	1
		озон қабатының тіршілікке маңыздылығын мысалдар арқылы дәлелдейді;	1
		адам атмосфераның қай қабатында өмір сүретінін анықтайды;	1
		адамның сол атмосфера қабатында өмір сүру себебін дәлелдер келтіре отырып жазады;	1
Кез-келген аймақтың ауа-		көкжиектің негізгі тұстарын сызады;	1
		көкжиектің аралық тұстарын сызады;	1

райын сипаттайды	2	масштабты анықтайды;	1
		масштаб бойынша жел бағыттарының қайталануын көкжиектің негізгі тұстарына белгілейді;	1
		масштаб бойынша жел бағыттарының қайталануын көкжиектің қосалқы тұстарына белгілейді;	1
		белгіленген нүктелерін бір-бірімен біріктіреді;	1
		ашық тынық күндерді «жел өрнегінде» белгілейді;	1
		басым желдің бағытын анықтайды;	1
		басым желдің қантар айының ауа температурасына тигізетін әсерін дәлелдейді;	1
Қолайсыз атмосфералық құбылыстың түрін ажыратады және сақтану шараларын ұсынады	3	суреттегі атмосфералық құбылысты анықтайды;	1
		қолайсыз атмосфералық құбылыстың қалыптасу себебін дәлелдейді;	1
		қолайсыз атмосфералық құбылыстың зиянды әсерін жазады;	1
		қолайсыз атмосфералық құбылыстан сақтану жолдарын ұсынады.	1
Жалпы балл			30

«Физикалық география» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Атмосфераның құрамдас бөлігін ажыратады және үлесін диаграмма түрінде көрсетеді	Атмосфераның құрамдас бөлігін ажыратуда және үлесін диаграмма түрінде көрсетуде қиналады ☐	Атмосфераның құрамдас бөлігін ажыратуда және үлесін диаграмма түрінде көрсетуде қателіктер жібереді ☐	Атмосфераның құрамдас бөлігін ажыратады және үлесін диаграмма түрінде көрсетеді ☐
Атмосфераның әр қабатының ерекшелігін талдайды	Атмосфераның әр қабатының ерекшелігін талдауда қиналады ☐	Атмосфераның әр қабатының ерекшелігін талдауда қателіктер жібереді ☐	Атмосфераның әр қабатының ерекшелігін талдайды ☐
Кез-келген аймақтың ауа райын сипаттайды	Ауа райын сипаттауда қиналады ☐	Ауа райын сипаттауда қателіктер жібереді ☐	Кез-келген аймақтың ауа райын сипаттайды ☐
Қолайсыз атмосфералық құбылыстың түрін ажыратады және сақтану шараларын ұсынады	Қолайсыз атмосфералық құбылыстың түрін ажыратуда және сақтану шараларын ұсынуда қиналады ☐	Қолайсыз атмосфералық құбылыстың түрін ажыратуда және сақтану шараларын ұсынуда қателіктер жібереді ☐	Қолайсыз атмосфералық құбылыстың түрін ажыратады және сақтану шараларын ұсынады ☐

«Физикалық география» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Дүниежүзілік мұхиттың географиялық жағдайы Мұхит суларының қозғалыстары Дүниежүзілік мұхиттың проблемалары
Оқу мақсаты	7.3.3.4 Мұхит және оның құрамдас бөліктерін жоспар бойынша сипаттайды 7.3.3.6 Мұхит суының қозғалыстарын жіктеп, түсіндіреді 7.3.3.8 Дүниежүзілік мұхит проблемаларын топтастырып, шешу жолдарын ұсынады
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Мұхит және оның құрамдас бөліктерін ажыратады • Мұхит суы қозғалысының түрін анықтайды • Мұхит суы қозғалысын тудыратын себептерді түсіндіреді • Ластанудан туындайтын проблемаларды анықтайды және шешу жолдарын ұсынады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Түсіну Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма



- Берілген сұрақтарға жауап беріңіз, тапсырмаларды орындаңыз:
 - Дүниежүзілік мұхит дегеніміз ...
 - Дүниежүзілік мұхиттың бөліктерін анықтаңыз және мысалдар келтіріңіз.



- Жоспар бойынша Кариб теңізіне сипаттама беріңіз (тақырыптық карталарды қолдану қажет):
 - Кариб теңізі мұхитының құрамына кіреді;
 - Теңізмеридиандар менпараллельдердің арасында орналасқан;

- с. Теңіз материктердің жағасымен ұласады;
- д. Кариб теңізінің аралдары;
- е. Теңіз бұғаздар арқылы мұхитпен жалғасады;
- ф. Теңіздің орташа тереңдігін анықтаңыз;
- г. Теңіздің беткі ағыстары;
- х. Теңіз суының тұздылығын анықтаңыз;
- і. Теңіз суының жылдық орташа температурасын анықтаңыз;
- ж. Теңіз суының ластану дәрежесін анықтаңыз;

3. Берілген суреттерді қолданып, мұхит суы қозғалысының түрін анықтап, пайда болу себептерін түсіндіріңіз.

			
Пайда болу себептері			

- а. Суреттегі дүниежүзілік мұхит мәселесінің түрін анықтаңыз;
- б. Осы проблеманың ластану көзін анықтап, дәлел келтіріңіз;
- с. Проблеманың кешенді салдары қандай?



d. Проблеманы шешудің нақты бір жолын ұсыныңыз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мұхит және оның құрамдас бөліктерін ажыратады	1	дүниежүзілік мұхиттың анықтамасын береді;	1
		дүниежүзілік мұхиттың бөлігін анықтайды;	1
		дүниежүзілік мұхиттың бөлігіне нақты мысал келтіреді;	1
		дүниежүзілік мұхиттың бөлігін анықтайды;	1
		дүниежүзілік мұхиттың бөлігіне мысал келтіреді ;	1
		дүниежүзілік мұхиттың бөлігін анықтайды;	1
		дүниежүзілік мұхиттың бөлігіне мысал келтіреді;	1
	2	Кариб теңізі қай мұхиттың құрамына кіретінін анықтайды;	1
		теңіз қандай меридиандардың арасында орналасқанын анықтайды;	1
		теңіз қандай параллельдердің арасында орналасқанын анықтайды;	1
		теңіздің қандай материктердің жағасымен ұласатынын анықтайды;	1
		теңізде қандай аралдар орналасқанын анықтайды;	1
		теңіз қандай бұғаздар арқылы мұхитпен жалғасатынын жазады;	1
		теңіздің орташа тереңдігін анықтайды;	1
		теңіздің беткі ағыстарын анықтайды;	1
		теңіз суының тұздылығын анықтайды;	1
		теңіз суының жылдық орташа температурасын анықтайды;	1
		теңіздің ластану дәрежесін анықтайды;	1
		Мұхит суы қозғалысының түрін анықтайды	3
мұхит суы қозғалысының пайда болу себебін түсіндіреді;	1		
мұхит суы қозғалысының түрін анықтайды;	1		
мұхит суы қозғалысының пайда болу себебін түсіндіреді;	1		
мұхит суы қозғалысының түрін анықтайды;	1		
мұхит суы қозғалысының пайда болу себебін түсіндіреді;	1		
Мұхит суы қозғалысын тудыратын себептерін түсіндіреді			
		мұхит суы қозғалысының пайда болу себебін түсіндіреді;	1
Ластанудан туындайтын	4	суреттегі дүниежүзілік мұхит мәселесінің түрін анықтайды;	1

проблемаларын анықтайды және проблемаларды шешу жолдарын ұсынады		мұхит суының ластану көзін анықтап, дәлел келтіреді;	1
		проблеманның кешенді салдарын дәлелдейді;	1
		проблеманы шешудің нақты 1 жолын ұсынады.	1
Жалпы балл			30

«Физикалық география» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Мұхит және оның құрамдас бөліктерін ажыратады	Мұхит және оның құрамдас бөліктерін сипаттағанда қиналады ☐	Мұхит және оның құрамдас бөліктерін сипаттау кезінде қателіктер жібереді ☐	Мұхит және оның құрамдас бөліктерін сипаттайды ☐
Мұхит суы қозғалысының түрін анықтайды	Мұхит суы қозғалысының түрін анықтауда қиналады ☐	Мұхит суы қозғалысының түрін анықтауда қателіктер жібереді ☐	Мұхит суы қозғалысының түрін анықтайды ☐
Мұхит суы қозғалысын тудыратын себептерді түсіндіреді	Мұхит суы қозғалысын тудыратын себептерді түсіндіргенде қиналады ☐	Мұхит суы қозғалысын тудыратын себептерді түсіндіргенде қателіктер жібереді ☐	Мұхит суы қозғалысын тудыратын себептерді түсіндіреді ☐
Ластанудан туындайтын проблемаларды анықтайды және шешу жолдарын ұсынады	Ластанудан туындайтын проблемаларды анықтауда және шешу жолдарын ұсынуда қиналады ☐	Ластанудан туындайтын проблемаларды анықтауда және шешу жолдарын ұсынуда қателіктер жібереді ☐	Ластанудан туындайтын проблемаларды анықтайды және шешу жолдарын ұсынады ☐

3 -ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Физикалық география» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Топырақ, оның құрамы мен құрылымы Қазақстанның топырақ түрлері
Оқу мақсаты	7.3.4.2 Топырақ құрамын, түрлерін анықтап, құрылымын графикалық түрде көрсетеді 7.3.4.3 Қазақстанда топырақ түрлерінің таралуын анықтайды
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Топырақ құрамын, түрлерін ажыратады • Топырақ құрылымын графикалық түрде бейнелейді • Қазақстанда топырақ түрлерінің таралу себептерін дәлелдейді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

1. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз, тапсырмаларды орындаңыз:

- a. Топырақ дегеніміз -
- b. Топырақ түзуші факторларды сызбаға толықтырыңыз;



c. Сипаттама арқылы топырақтың түрін анықтаңыз және механикалық құрамын толықтырыңыз;

Бұл топырақ орманды-дала және дала зоналарында кең таралған. Көп жылдық шөпті өсімдіктер астында, борпылдақ жыныстарда түзілген және аса құнарлы топырақ деп саналады.

- Топырақ түрі
- Механикалық құрамы

d. Құрылымы жоқ топырақтың құнарсыз болу себепін түсіндіріңіз.

2. Берілген суретке қарап, топырақ қабаттарын анықтаңыз және ерекшелігін жазыңыз.



Топырақ қабаттары	Ерекшеліктері

3. Қазақстанның физикалық картасы берілген:

а. Картада көрсетілген табиғат зонасын анықтаңыз;



б. Карта арқылы осы табиғат зонасындағы топырақ түрін анықтаңыз;

с. Осы табиғат зонасында кездесетін топырақтың құнарлығы жоғары. Себебін түсіндіріңіз;

д. Осы табиғат зонасынан солтүстікке қарай топырақ гумусының жоғары болуы неге байланысты екендігін түсіндіріңіз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Топырақ құрамын, түрлерін ажыратады	1	топырақтың анықтамасын береді;	1
		сызбада топырақ түзуші факторды толықтырады;	1

		сызбада топырақ түзуші факторды толықтырады;	1
		сипаттама арқылы топырақтың түрін анықтайды;	1
		механикалық құрамын анықтайды;	1
		құрылымы жоқ топырақтың құнарсыздық себебін түсіндіреді;	1
Топырақ құрылымын графикалық түрде бейнелейді	2	суреттегі топырақ A₀ қабатынның атауын жазады;	1
		топырақтың A₀ қабатының бір ерекшелігін жазады;	1
		суреттегі топырақтың A₁ қабатының атауын жазады;	1
		топырақтың A₁ қабатының бір ерекшелігін жазады;	1
		суреттегі топырақтың B қабатының атауын жазады;	1
		топырақтың B қабатының бір ерекшелігін жазады;	1
		суреттегі топырақтың C қабатының атауын жазады;	1
		топырақтың C қабатының бір ерекшелігін жазады;	1
Қазақстанда топырақ түрлерінің таралу себептерін дәлелдейді	3	карта арқылы көрсетілген табиғат зонасын анықтайды;	1
		карта арқылы табиғат зонасындағы топырақ түрін анықтайды;	1
		топырақтың құнарлылығының әр түрлі болуының себебін түсіндіреді;	1
		топырақ гумусының арту себебін түсіндіреді.	1
Жалпы балл			18

«Физикалық география» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____


Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Топырақ құрамын, түрлерін ажыратады	Топырақ құрамы мен топырақ түрлерін ажыратуда қиналады ☐	Топырақ құрамы мен топырақ түрлерін ажыратуда қателіктер жібереді ☐	Топырақ құрамы мен топырақ түрлерін ажыратады ☐
Топырақ құрылымын графикалық түрде бейнелейді	Топырақ құрылымын графикалық түрде бейнелеуге қиналады ☐	Топырақ құрылымын графикалық түрде бейнелегенде қателіктер жібереді ☐	Топырақ құрылымын графикалық түрде бейнелейді ☐
Қазақстанда топырақ түрлерінің таралу себептерін дәлелдейді	Қазақстанда топырақ түрлерінің таралу себептерін дәлелдеуде қиналады ☐	Қазақстанда топырақ түрлерінің таралу себептерін дәлелдеуде қателіктер жібереді ☐	Қазақстанда топырақ түрлерінің таралу себептерін дәлелдейді ☐

«Физикалық география» бөлімі бойынша жиынтық бағалау


Тақырып	Табиғи –аумақтық кешендердің түрлері
Оқу мақсаты	7.3.5.2 Жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде түрлі деңгейдегі табиғи кешендерді жоспар бойынша сипаттайды
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Географиялық қабықтың заңдылығын түсіндіреді • Кез-келген табиғи кешенге сипаттама береді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	15 минут

Тапсырма

1. Географиялық қабық - Жердің ерекше кешенді қабығы:
 - а. Географиялық қабық дегеніміз
 - б. Географиялық қабықтың тұтастығын сурет арқылы дәлелдеңіз;



- с. Географиялық қабықтың заңдылығын суретке қарап анықтаңыз;



- d. Осы заңдылықтың маңыздылығын түсіндіріңіз.

2. Оңтүстік Американың батыс жағалауында Атакама шөлінің қалыптасу себебін анықтаңыз. Өз жауабыңызға дәлел келтіріңіз.

3. Тақырыптық карталарды қолданып, жергілікті жердің табиғат зонасына сипаттама беріңіз:

- a. Климаттық белдеудегі орны _____
- b. Климаттық жағдайы: қаңтар айының температурасы - _____ шілде айының температурасы - _____ жылдық жауын-шашының мөлшері - _____, қыс – _____ жаз - _____.
- c. Топырақ түрі (лері) _____
- d. Өсімдік жамылғысы _____
- e. Жануарлар дүниесі _____
- f. Осы табиғат зонасында ауа температурасы 5°C жоғарласа, өсімдік жамылғысында қандай өзгерістер болуы мүмкін?

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Географиялық қабықтың заңдылығын түсіндіреді	1	географиялық қабықтың анықтамасын береді;	1
		атмосфера мен гидросфераның арасындағы өзара байланысты дәлелдейді;	1
		атмосфера мен биосфераның арасындағы өзара байланысты дәлелдейді;	1
		биосфера мен литосфераның арасындағы өзара байланысты дәлелдейді;	1
		атмосфера мен литосфераның арасындағы өзара байланысты дәлелдейді;	1
		гидросфера мен литосфераның арасындағы өзара байланысты дәлелдейді;	1
